

Б.Е. Сыздықова^{1*}, Ж.Ж. Жарылғапов¹, Л.И. Мингазова²¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан²Қазан федеральды университеті, Қазан, Ресей

(E-mail: syzdykovabibi@gmail.com, zharylgapov_zhan@mail.ru)

Қазақ әдебиетіндегі ағаш культі

Қазақ әдебиетінің даму кезеңінде әлеуметтік, экологиялық, рухани және адамзат өмірінде, қоғамда болып жатқан күрделі, шешуі қиын немесе адам көкейінде небір сұрақтар туғызатын мәселелерді ежелгі дәуірлерден келе халық санасында мықтап орын тепкен мифологиялық, фольклорлық, тотемдік, архетиптік бейнелермен интерпретациялау арқылы көркемдік образ жасау идеяларын жеткізуге деген ұмтылысы жиі ұшырасады. Осы жолда қазақ жазушылары мифологияның терең құпияға толы қабаттарына үңіліп, қазақтың наным-сеніміндегі, ауыз әдебиетіндегі мифтік ұғымдарға қайта жан бітіріп, сол арқылы оқырман жүрегінен жол табу үшін көркемдік әдіс-тәсілдерді шебер қолданып келеді. Соның негізінде, мақаланың басты нысанасы ретінде жоғарғы, төменгі және орта деп аталатын үш әлемді байланыстырып тұрған ғаламдық бейнелерге талдау жасалады және қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қолданыстары мен функциясын анықтауды мақсат етеді. Әсіресе, «ғаламдық модель — ғаламдық ағаш» тұрғысында қазақтың «тал бесіктен жер бесікке» дейінгі дәстүрлі дүниетанымындағы ұлттық кодтаудың негізгі элементі болып табылатын «бәйтерек» ұғымына баса назар аударылған. Бұл орайда, осы тақырыптың көлемінде зерттеулер жүргізген С. Қондыбай, Т. Жұртбай С. Қасқабасов және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Кілт сөздер: миф, мифология, ғаламдық бейне, архетип, фольклор, мифофитоним, фитоморфизм, символ, интертекст, реминисценция, культ.

Kipicne

Әлемдік мифологияда, соның ішінде қазақтың мифологиялық танымында ағаш культі маңызды орын алады. Тарихы тереңде жатқан қазақ дәстүрінде қалыптасқан наным-сенімінде, әлемді тануында ағаш — түрлі мағыналық, символикалық, мифологиялық сипатқа ие болған. «Тал бесіктен жер бесікке» дейінгі адам өмірінің әрбір кезеңін ағашпен байланыстырғандықтан көне эпостардан бастап, қазақ фольклорында, кейін көркем шығармаларда «өмірдің бастауы», «жердің кіндігі», «адам жанының сақтаушысы», «өзге әлеммен байланыстырушы» және т.б. функцияларды атқарып, мәдени код ретінде ғаламдық моделін, ғаламдық бейнесін қалыптастыруда қызмет етеді.

Жалпы, ғаламдық бейне, бұл — адам дүниетанымының басты элементі. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. Тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, «ғалам бейнесі» немесе «дүниенің суреті» адам санасында эволюциялық жолмен дамып келе жатқан категория. Әлемнің мифтік моделі әр халықта әр түрлі бейнеде кездеседі. Мысалы, қытай халқында ғаламды үш басты айдаһар көтеріп тұр деп сенсе, түркі халықтарында, оның ішінде қазақ халқында ғаламның кіндігі саналатын — дүниенің үш қабатын, яғни аспан мен жерді және жерасты әлемдерін жалғастырушы қасиетті ағаш, әлем ағашы — «Бәйтерек» деп түсінген.

Бәйтерек — қазақ танымында өсіп тұрған ағаш бұл жай ағаш емес «Ғалам кіндігі» болып саналатын киелі сапаға ие, сондай-ақ, әлем мифологиясында, соның ішінде түркі мәдениетінде тылсым қасиеті бар алып ағаш ретінде суреттеледі.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Мақалада төменгі және орта деп аталатын үш әлемді байланыстырып тұрған ғаламдық бейнелерге талдау жасалады және қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қолданыстары мен функциясы анықталады. Соның негізінде Ш. Уалиханов, С. Қондыбай, С. Қасқабасов, Ш. Елеуқенов, Т. Жұртбай, А. Тойшанұлы т.б. ғалымдармен қатар К.Г. Юнг, В.Н. Топоров, Дж. Фрезер сияқты ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: syzdykovabibi@gmail.com

Зерттеудің нысаны ретінде жыраулар поэзиясы мен Т. Шапай, М. Мағауин әңгімелері алынды. Мифологиялық, фольклорлық мотивтерді, тотемдік, архетиптік бейнелерді анықтау мақсатында тарихи-салыстырмалы, интертекстуалды, герменевтикалық және сипаттамалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен олардың талдануы

Әдебиетте ғаламдық ағаш — адамның, жалпы әлем жаратылысының метафорасы деп айтуға болады. Ол түркі халықтарының әдебиетінде жиі ұшырасатын мотив, түркі мәдениетінің маңызды нысаны болып табылады. Ертегілер мен аңыздарда, қиссаларда бұл ағаш — «мықан ағашы» деп берілген. Жазушы Тұрсын Жұртбайдың айтуынша: «Мықан ағашы — жасыл өмірдің белгісі, уақыт пен кеңістіктің шекарасы. Әдеби тіліміздің кезеңдік өзгеріске ұшырауының салдарынан және идеологиялық қысым әсерінен ақтық байлайтын ағаш деп түсіндіріп, «Мықан» атауын «Бәйтерек» деп өзгерткен» [1]. Бұл орайда ғалым С. Қондыбайдың ғаламдық ағаштың «мифсізденген» атауын — бәйтерек деп атайды деуі де ғалым Т. Жұртбайдың ойын толықтыра түседі [2, 463].

Бүгін де қазақ танымында «Ғаламдық ағаш» культінің қалдықтары кездеседі. Олар халықтың наным-сенімінде, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде санадан тыс қолданылады. Халық арасындағы: «жапан далада өсіп тұрған ағаш басына шүберек байлау», «көк шыбықты сындырмау», «қатар өскен ағашты кеспеу», «Бір тал кессең, он тал ек», «шала жанған ағашты ұстамау, үйге әкелмеу», «тал бойында мін жоқ» сияқты қалыптасқан санадан тыс заңдылықтар мен теңеулер мысал бола алады.

Жалпы ғаламдық ағаш — «ғаламдық кіндік» қызметін атқарады. Ежелгі таным бойынша — космологиялық әлем ағашы («ось мира», «мировая гора») жердің дәл кіндігінде өседі, тамыры жерасты, діңі жерүсті, төбесі аспан әлеміндегі рухтар мекені, осы үш әлемнің барлығын ең төменгі нүктесінен бастап шырқау көгіне дейін көктеп өсіп, үш әлемді біріктіріп, біртұтас етіп тұрады. Халық арасындағы аңыздар мен ертегілерде таным ағашы, өмір ағашы деп те кездеседі. Ол туралы ғалым С. Қондыбай: «Киеліліктің де киелілігі бар, киеліліктердің тоғысқан нүктесі бар, ол киеліліктің шарықтау нүктесі. Сол нүктеде жоғары-төмен, батыс пен шығыс, солтүстік пен оңтүстік, әр түрлі сапа мен сипат түйіседі. Бұл — «нөлдік нүктесі», мифологияда мұны «Ғалам кіндігі» (мировая ось) деп атайды» — дейді [2, 457]. Мысалы қазақ ертегілеріндегі бәйтерек осы «нөлдік нүкте» қызметін атқарушы ретінде қолданылады. «Алтын сақа» ертегісінде балаға пана болады, «Ер Төстік» ертегісінде екінші әлемге өту үшін немесе жарық дүниеге қайта шығу үшін бәйтеректің жанына келеді, «Күн астындағы Күнікей қызда» да бәйтерек құтқарушы қызметін атқарады. Сондай-ақ, мифологияда бәйтеректің (ағаштың) жаратушылық, адам жанын сақтаушылық қасиетке ие деген түсінік бар. Соның негізінде көптеген халықтар арғы тегін ағашпен байланыстырады. Мәселен «Котострофы сознания» еңбегінің авторы Т. Ревьяко этнограф-ғалым Л.Я. Штернбергтің «Айнская проблема» еңбегіндегі: «Қарабайыр адам ағашқа жаны бар тіршілік иесі ретінде қарайды. Амур тайпалары адамзаттың шығу тегі ағаштан басталады деп сенген», — деген пікірін мысалға ала отырып, Қиыр Шығыс халықтарының өздерін шығу тегін ағашпен байланыстыратыны туралы айтады және соған ұқсас эвондік аңыздардағы ағаштың теңіз жағалауында орналасқанын, оның діңінде баланың өмір сүруі, ульчи халықтарындағы ағаш діңінде өмір сүретін қыз туралы және сол қыз барлық ульчи халықтарының анасы екендігі, сол сияқты нивха халқының қарағайдың шырынынан жаралуы мотивтерінің кездесетіні туралы айтады [3].

Шығу тегін ағашпен байланыстыру мотиві қазақ халқының да аңыздарында, эпостық жырларында көптеп кездеседі. Әсіресе мұндай аңыздық желілер қазақ жыраулар поэзиясында да көрініс береді. Адайдың анасының ағаш көлеңкесінде ұйықтап қалып, Күн тәңірінен жүкті болған деген аңызды Қашаған жырау өзінің «Адай тегі» деген өлеңінде айтады. Қашаған жыраудан бөлек Абылай ханның тұсында өмір сүрген Тәтіқара ақынның өлеңінен де кездестіруге болады. Мысалы, оның «Кеше тоқыраулы судың бойынан» деген өлеңінде:

«Кеше тоқыраулы судың бойынан,

Тоқал терек түбінен...

Перінің қызы перизаттан туған,

Қара мерген атасы...» — деген жолдары ағаштың киелілігін жоймағанын көрсетеді [4, 52].

Көптеген зерттеу деректерге сүйенсек, «Ғаламдық ағаш» жапан далада, теңіздің ортасында немесе жағасында жалғыз өседі. Ол туралы С. Қондыбайдың зерттеулерінде «Ғаламдық ағаш — төбенің не таудың басында жалғыз өседі екен» — деген дерек келтірілген [2, 470]. «Тоқал терек» деп тұрғанының себебі де сол, жалғыз терек дегені болуы керек. Ал оның жалғыз екендігіне және судың жағасында орналасқанына қарай, сол талдың түбінде дүниеге келгенін мысалға алсақ, Тәтіқара

ақынның «ғалам ағашын» меңзеп тұрғанын түсінуге болады. Себебі, ағаштың бойында адам жанын сақтау мотиві көне эпостардан жалғасып келе жатқанын білеміз. Мысалы «Оғыз наме» дастанында Оғыз қаған көлдің ортасында орналасқан ағаштың қабығында отырған қызға ғашық болып, жар етеді. Және екеуінен өмірге үш ұл келеді, олардың атын «Күн», «Тау», «Теңіз» деп қояды [5,84]. Тәтіқара жырындағы Қарамерген мен «Оғыз қаған» жырындағы ағаштың қабығында отырған сұлу қыз бен «тоқал терек түбіндегі перизат» арасында сәйкестік бар, бұл сюжеттер бірін-бірі қайталап тұрған сияқты әсер береді, екеуі де архетиптік образ. Бұлардың бастапқы образы — мықан ағашы. Яғни, Юнг бойынша адамның қиялы мен елесінің негізінде пайда болған образдың алғашқы сызба нұсқасы [6]. Демек, осы мықан ағашының төңірегінде жасалған образдар осы ағаш архетипіне тән қасиеттер мен оның функцияларын санаға сіңіріп, толық мағынаға ие болған соң образдық қызмет атқарып тұр. Ақын Абылайдың тектілігін танытуда терек архетипін ұтымды пайдаланған.

Фольклорда «ғаламдық ағаш» әдетте теңіздің ортасында, жапан далада жалғыз орналасқан. Әлем ағашының көмегімен жыл мезгілдерін, ай, күн, апта күндерін есептеуге болатыны да сипатталады. Ол туралы Ш. Уалиханов, С. Қасқабасов, С. Қондыбай еңбектерінде келтіріледі.

Ағашға жаратушы ретінде қарау қазақ немесе түркі халықтарында ғана қалыптасқан түсінік емес, сондай-ақ, өзге халықтарда да бар. Мәселен, ежелгі гректер мен еуропалықтардың көпшілігі басты төрт элементті бөліп алады: от, жер, су, ауа. Осы элементтермен Ағаш үнемі байланысты болады деп есептеген. Әсіресе адамның жаратылуына байланысты мифтерде адамзат және жалпы жердегі барлық тіршілік пен өсімдіктер пайда болған әлемдік ағаш туралы түсінік үлкен рөл атқарған. Атап айтқанда, көптеген африкалық тайпаларының мифтерінде (амбо, луба, конго, мбунду, чокве және т.б.) алғашқы адамдар қасиетті ағаш *«омукукудан (omukuku)»* шыққан десе, кейбір варианттарында алғашқы адамдар мен жануарлар қасиетті ағаш *«омумборомбонгтан (omumborombonga)»* дүниеге келгеніне сенеді [7, 28]. Сонымен қатар, ағаштан және Құдайдан туылды; Афродитаның сүйіктісі Адонис құдайлар әлемдік ағашқа айналдырған *«мирра»* ағашынан туылды» [8, 320]. Яғни бастапқы ұғым бойынша, ағашты адамды жаратушы ана немесе әке ретінде қабылдаған.

Бұл болжамдар туралы Джеймс Фрэзердің «Золотая ветвь» еңбегінің «Поклонение деревьям» деген бөлімінде ертедегі халықтардың ағашқа табынғандығы, тіпті басында ағашты тірі жанға теңеген, кейіннен ғана ағаштың жаны бар деген ұғым бірте-бірте қалып, аспан мен жерасты әлеміндегі рухтар ағаш арқылы адамдармен тілдесе алады деген түсінік қалыптасқандығын айта отырып, адам мен ағаш арасында тұтастықтың бар екендігі туралы миф арқылы әлемдік фольклордағы ортақ ұғымдарды түсіндіруге талпынған [9, 151]. Сонымен қатар, дәл осы еңбегінің «Поклонение дубу» деген бөлімінде ежелгі Рим халқының емен ағашына табынғандығы туралы жазған [9, 448].

Т. Жұртбай «Қазақ әдебиеті» газетінің 2006 жылғы № 6 санында «Ғарыштық әсіре әфсанаға (мифке) шек жүрмейді. Жаратылыстың өзі де, жаратушы да, киелі құдіретке ие. Бәйтеректің — Мықан ағашының басында осы үш құдіретте бірдей бар. Ол кейде жаратылыстың өзі, кейде Жаратқан иемнің баламасы, кейде жай киелі ағаш күйінде әфсаналана береді. Оның қай қасиеті болса да күшті, оған күмән жүрмейді», – деген пікір айтады [1].

Әдебиеттің даму сатысының қай кезеңінде болсын ағаш архетипі образ жасауда үлкен рөл атқарды. Ағаштың киелілігін танытатын шығармалардың ішінде Қашаған жырау Күржіманұлының «Боктағаның қай ағаш» өлеңін айтуға болады. Өлең Қашаған жыраудың «шайтанның қу ағашы» деп, домбыраға тіл тигізген халық ішінде сараңдығымен танылған Есқали сұпыға жауабы ретінде айтылған:

«Қолыма алған қу ағаш,
Сайрап та отыр бұл ағаш,
Асылы емен, қарағай,

Шыққан жері су ағаш» [4, 297] — дей келіп, әрі қарай ағаштың киелілігін тізбектеп тұрып сипаттап береді. Домбыраның ағаштан жасалатынын тілге тиек ете отырып, «аруақты ел қолына ұстаған ту», «жанына сая болған ағаш», «жалғызға қорған болған ағаш», «қарны ашып келгенде бұтақтары иіліп, көктен төмен иіліп, жүрегін жалғауға нәсіп болған», «шеберге кәсіп болған», «Пайғамбарды тербеткен бесік», «қағбаны салғанда есік», «мұнаралы мешіт болған», «кәбірейілдің жәннаттан әкелген төрт семсерінің қынабына қап та болған бұл ағаш», «батырдың найзасының сабы болған, қараңғыға шырақ болған, дариядан өткенде пырақ болған ағаш», «жетім мен жесірге суат

болған ағаш», «өзіндей сұпыға Аса болған, шайтанға таса болған», «аузыңа салған мәсуәгіннің өзі ағаш, сонда сенің боқтап отырғаның осы ағаштардың қайсысы?» — деп, сұпының аузына құм құяды.

Қашаған Күржіманұлының бейнелеп отырған киелі ағаштың бастапқы сызбанұсқасы «ғаламдық ағаш» екені дау тудырмайды. «Жаныңа сая болған, жалғызға қорған болған» немесе «қарны ашып келгенде бұтақтары иіліп, көктен төмен иіліп, жүрегін жалғауға нәсіп болған» деген жолдары жоғарыда айтылған аңыз-ертегілердегі «бәйтеректің» функциясын атқаратындығы ашық айтылып тұр. Бұл тұрғыда Ш. Уалихановтың «жапан далада жалғыз өсетін немесе бұтақтары ерекше қисық өскен ағаш түнде адамдарға түнеп шығу үшін қызмет етеді» — деген жазбасы дәлел болады [10, 180]. Бұл жерде жыраудың ұлт психологиясын терең меңгерген, дана екендігіне дау жоқ.

Дәл осы мотивті қазіргі қазақ прозасында да кездестіреміз. Бұл ретте заманауи жазушы Т. Шапайдың «Домбыра» атты әңгімесін мысалға алуға болады [11, 235–237]. Жазушы қазақтың ұлттық құндылықтарын домбыра арқылы суреттейді. Тіпті әңгіме басталмай жатып, «жалғызсырап, үнемі алыста жүретін досыма серік болсын деп, домбыра жасатып беру көптен ойымда бар еді...» [11, 235] деуінің өзі жоғарыда Қашаған жырау айтқан «Жалғыз жаяу кезіксең пана болатын, жанына сая болатын» бәйтеректің қызметін атқарып тұрғанын аңғармауға болмайды. Сонымен қатар, жаңа домбыраны үйге әкелгендегі ескі домбыраның томсырайып, жақтырмауы, ескі домбыраны сырласым, жақсылық-жамандықты бірге көрген досым еді, текті едің деп, жансыз затты тұлғаландыру арқылы ескі заманның орнын жаңа заман басып бара жатқанын, сонда да, ескіге қимастықпен көз салып қоятыны, жаңаға да бауыр басып қалғанын айтуы ескі мен жаңа арасындағы күресті білдіріп тұрғандай көрінеді.

Жалпы домбыраны — «әлем ағашы» немесе бәйтеректің функциясын атқарады деп алып қарауымыздың сыры көне аңыздарда жатыр. Көне мифтерде ата-бабамыз домбыраны өзге әлеммен сырласу немесе адамның қайта жаралу құралы ретінде пайдаланған деген деректер бар. Мәселен, домбыраның екі ішегі мен тоғыз пернесінің пайда болуы туралы тоғыз тарау елдің тарихын жадына сақтаған қарт адам туралы аңызда айтылады. «Кәрілік жеңіп, дәм-тұзы таусылар алдында үрім-бұтағын жинап алып: «Уа, жарандарым, қазір менің көкірегімде тоғыз тараудың тарихы сақтаулы. Барлық есте қалар жайттарды өзіммен бірге жасап, бірге қартайған мына ескі домбырамның көмегімен ел-жұртқа паш етіп келдім. Өмірден өтер шақта осы білгенімді кімге аманат етем деп жүз ойланып, мың толғандым. Бірақ шешімін таппадым. Енді не істейсіңдер өздерің біліңдер», — деген екен. Осыдан кейін, барша жұрт жиналып, өзара кеңесіп, тоғыз тарауды қарт жыраудың домбырасының шанағына құю керек деген шешімге келеді. Сонымен қоса, сонша байлық оның қуыс мойнынан шығып кетпесін және тоғыз тараудың белгісі болсын деп барша жұрт бірігіп, домбыраға тоғыз тосқауыл перне, қарт жыраудың құрметіне аспаптың бетіне екінші ішек таққан екен. Осыдан кейін оның шанағы кеңейіп, мойны ұзарып, шежірелі сыр шертетін халық мұрасы — алтын домбыра болып қалған екен деседі» [12, 82]. Жазушы Т. Шапайдың домбыраны «тексті», «адал дос», «сырларымды сеніп айтатын, барлық жақсылық-жамандығымның куәсі» деп, оны сенімді серігіне теңеуі осы ұлттық танымда жатыр. Аңыздағы тоғыз тараулы қарт жыраудың аманатын барлық ел болып домбыраға сенуі, осы дүниеге қалдырғаны, көне бір ішекті домбыраның екі ішектіге ауысуы, Т. Шапайдың ескі домбырасы мен жаңа домбырасы, оны жақын досына беруі, жалпы жазушының негізгі ойы осы аңыздағы сюжетпен астасып, араласып жатқан сияқты.


Домбыраның қос ішегінің пайда болуын «Таукүдірет құсы» жайлы аңызбен де байланыстырады. «Таукүдірет деген құс жаратылысынан жалқы қанатты екен. Сол себепті ол ұша алмай қиналғаннан қорланады. Әбден құса болған құс екінші бір сыңар қанат таукүдірет құсымен құшақтасып, аспанға бірге көтеріліп, бір-біріне демеу болады. Екі құс бірі ұрғашы, екіншісі еркек екен. Олардан қос қанатты балапан туады. Осындай береке-істі бақылап жүрген күйші домбыраға екі ішек тағып, «Таукүдірет» деген күй шығарған екен» деген таным бар [13, 84].

Жалпы алғанда, ғалым С. Қондыбай «Арғықазақ мифологиясында» мифологиядағы ағаштың болмысын төмендегідей анықтамалар бойынша топтастырады:

- 1) Ағаш — адам ұрығының орналасқан жері. Мұндай жағдайда ол «ана» функциясын атқарады.
- 2) Ағаш — адам жанының тұлғалануы. Адамның жаны сақталатын жер.
- 3) Ағаштың егіздік сипаты бар: бір-біріне қарама-қарсы екі ағаш.
- 4) Еркек және ұрғашы ағаш. Оның жұбы болады [2, 460].


Домбыраның бастапқы образдық сызбанұсқасы ретінде «ғаламдық ағашты» алып отырудағы басты себеп ғалым С. Қондыбайдың ағаш бейнесін шоғым таңбасы арқылы көрсетуімен байланысты. Ғалым ғаламдық ағаш бейнесінің сегіз-шоғым таңбасынан шыққанын айта келе: «Сегіз-шоғым —

ғаламдық ағаш; бұтақтары сегіз, тоғысу нүктесі — ағаштың діңі, әрі тоғызыншы бұтағы болып табылады», – деп тұжырымдайды және оның идеал-кескіндерін төмендегідей етіп көрсетеді (1, 2, 3, 4, 5-суреттер) [2, 461]:




1-сурет. Сегіз-шоғым таңбасы


Ғалым 1-суреттегі сегіз-шоғым таңбасын ағаш ретінде көру үшін төңкерілген конус түрінде елестеткен дұрыс екендігін айтады (2-сурет) [2, 461].



2-сурет. Төңкерілген конус түрінде бейнеленген сегіз-шоғым таңбасы




3-сурет. Реалды ағаш тұрпатына келтірілген шоғым-таңбасы



4-сурет. Тоғыз бұтақты, тоғыз тамырлы ағаш

4-суретте көрсетілген ағаштың бұтақтары мен тамыры сегіз-сегізден болған, ағаштың діңі әрі бұтақ, әрі тамыр бола алады. Немесе ғалым төмен қарап тұрған ағаш ретінде де көрсетеді (5-сурет) [2, 461].



5-сурет. Бұтақтары төмен қарап тұрған ағаш

Осы орайда жоғарыда келтірілген домбыраның тоғыз тосқауыл пернесі мен екі ішегінің пайда болуы туралы аңыздағы тоғыз тарау елдің тарихын сақтау үшін қарттың домбырасына құйып, оған тоғыз тосқауыл перне тағуы және екі ішек тағуын осы ғаламдық ағашпен байланыстырудың реті бар. Ондағы екі ішегін ұрғашы және еркек ағаш немесе бұтақтары жоғары және төмен қарап тұрған екі ағашты байланыстырушы діңі де осы ғаламдық ағаш функциясын атқарып тұр деуге негіз бола алады.

Әлемдік мифологияда «ғаламдық ағаш» архетипі биік ағаш түрінде ғана емес, бірнеше түрде кездесе береді, тіпті кейде ол биік таудың басындағы жалғыз үй болуы мүмкін немесе биік мұнаралар, ғаламдық ағаш — о баста жердің кіндігі саналып, ғаламдық уақыт пен кеңістіктің мәңгілік тұтқасы деп саналса, одан кейінгі әдебиетте одан пана іздеген, сая тапқан, өмірдің нәрі деп түсінген. Сол себептен болу керек қазақ әдебиетінде де ертеден қалыптасқан түрінде ғана емес, ши, қурай, қарағай, шөңгел, бәйшешек т.б. түрінде кездестіруге болады. Мәселен, хақас халық аңыздарында «Қайрақан» деген өсімдік тамыры жерден өсіп, тоғыз бұтақ тарайды. Ол бұтақтардың әрқайсысынан адамды жасаған, сол тоғыз адамнан тоғыз рулы ел пайда болады теген түсінік қалыптасқан [2, 477]. Яғни біздің жоғарыда көрсетілген деректердің барлығына сүйене отырып тұжырымдайтынымыз — адамзаттың ағаштан таралу мотиві мифтік инстинктен туындаған архетиптің үлгілері.

Жадымызда сақталған мұндай наным-сенімдерге байланысты мысалдарды Шал ақын өлеңдерінен де кездестіруге болады. Мысалы «Өлімнен құтылмассың қашсаңдағы» өлеңінде:

«Кәрі өлсе соққан дауыл тынғандай-ақ,
Жас өлсе бәйтерегің сынғандай-ақ.
Жігіттер, жас кезінде тәубеңе кел,

Ажал деген көзді ашып-жұмғандай-ақ!» [4, 89] — деген өлеңінде адам жанымен ағаштың тұлғаланып тұрғанын байқауға болады, яғни «бәйтерек» — өмір символы болса, жоғарыда айтып кеткендей, ағаштың үш бөліктен тұратындығы, оның жастық шағы — бел ортасы, ол сынса өмірің тоқтағандай болады дегенді меңзеп отыр. Сол сияқты Асан қайғының «Жәнібек ханға айтқан» өлеңінде:

«Ай, Жәнібек ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан

Қарағай басын шалмай ма?!» [14, 8] — деп, тұтас бір заманды, сол замандағы қара халықты қарағайға балап, кәуірлерді шортанға тенең, халқы — қарағайдың басына төніп тұрған зұлматтың барын, нақтырақ айтқанда халқына көрші халықтардан қауіп төніп тұрғанын, қазақ халқының билігі қолынан кетіп бара жатқаны, басын шортан шалып, еркіндіктен айрылады, төбесінен бөтен жұрт билік орнатады деп болжап кеткен.

Екі өлеңдегі «бәйтерек», «қарағай» образдарын — *фитоморфты* образға жатқызуға болады. Фитоморфты образ — шығармадағы өсімдіктердің адам жанымен тұлғалануы немесе адамның өсімдікке айналуы, кейде адам мен өсімдікті кейбір ұқсастықтарына қарап салыстыруы, тенеуі сияқты құбылыстар. Мұндай құбылыстар қазақ прозасында да көрініс береді. С. Шәймерденовтің «Мәжнүн тал», М. Мағауиннің «Қос ағаш», Н. Ораздың «Теріс ағаш», Қ. Мұбарактың «Жылауық тал», Т. Шапайдың «Әулие ағашы» әңгімелерінен фитоморфизм құбылысы анық байқалады. Солардың бірі М. Мағауиннің «Қос ағаш әңгімесі». Бұл жай әңгімеге ұқсамайды, бір әңгіменің ішінде бірнеше оқиғаны сыйғызған, қазақ халқының тағдыры мен даналығын сипаттайтын күрделі әңгіме.

Әуелде қос ағаштың ерекше тұрпатын сипаттаумен басталады: «...Ағаш қосар екен. Біз тұсына жеткенде жарты дүниені алып жатқандай көрінді — бүйірлері жанаса тұтасқан қос бұлт. Түбіт шудаланып тұр. Жер бетіндегі селдір тұман сол екі ағаштың басынан таралып жатқандай. Екі аяқты алып. Ертегідегі дәу. Айбынды. Сұсты. Бірақ қорқынышты емес еді. Салқам суық кейпінің өзінде мейірлі жақындық бар...» [15]. Автордың бейнелеп отырғаны — өмір ағашы, көне түркілердің Мықан ағашы [16]. Оның көк тіреп, басын бұлт шалып жатуы, жапан далада орналасуы, тұрпаты суық болғанымен адамға мейірлі жақындығының болуы, жоғарыда баяндалғандай, «жалғызға пана болған, жаныңа сая болған» алып бәйтерекке тән бейне. Әңгіме өрби келе, ағашқа қол жаюмен жалғасады: «Уа, қасиетті Қос Ағаш! Мына кішкентай құлыншағыма өзіңе тете ғұмыр бер: Аллаһу әкбар!». Қос Ағаш түтіндеген тұманы шұбалып, бас изеді...» [15]. Бұған жоғарыда келтірілген Ш. Уалихановтың «жапанда орналасқан жалғыз ағашқа адамдардың құлшылық еткені» туралы айтуы мысал бола алады [10]. Сондай-ақ, «ағаштың қасиеттілігінің сырын аша түсу үшін автордың оқиғалардың арасындағы байланысты үзбестен, мәтін ішіне бірнеше мәтінді сыйғыза отырып, интертекстуалдылық элементтерді (аллюзия, реминисценция), цитация құбылысын пайдаланған: **«Әкем марқұм айтушы еді. Осы Қос Ағаштың түбінде Абылай хан шатыр тігіп, құрбандық шалып, үш күн қатарынан аялдапты. Дағанделде әскер жинап, Бақанақтың бойына келіп, Қос Ағаштың түбінде дамыл қылған. Содан соң Аягөзге шүріштінен соғысқа шеру тартқан. Әкем марқұм айтып еді, сенің бабаң... Одан бұрын Есім хан — Еңсегей бойлы Ер Есім хан қара қалмақ, құба қалмаққа қарсы**

шапқанда, Қос Ағаштың түбінен аттаныпты. Үш Алашқа сауын айтқан ғой, пәлен жерге жиналсын деп. Осы Қос Ағашқа. Қасиетті болмаса сол аталарың неге тәуәп еткен. Биік бұтағына жазда ителгі ұя салады. Құз жартасынан ғана балапан ұшыратын ителгі. Өзгеше жылуы бар ғой. Баяғыда бала көтермеген әйелдер мал сойғызып, мойнына бұршақ салып, басына түнейтін...» [15].

Ғалым А.С. Адилова мәтін ішіндегі мәтіннің атқаратын қызметтеріне қарай 5 топқа біріктіріп қарастырады:

- 1) Интертекстердің сілтемелік қызметі;
- 2) Интертекстердің мәтінтүзушілік қызметі;
- 3) Интертекстердің бағалаушылық қызметі;
- 4) Интертекстердің айшықтаушы қызметі;
- 5) Интертекстердің паролдік қызметі [17, 209].

Шығармадағы баланың атасының «Әкем марқұм айтушы еді», «Әкем марқұм айтып еді, сенің бабаң...» — деген сөйлемдер мәтін ішіндегі сілтемелік мәтін қызметін атқарып, келесі айтылатын оқиғаларға бағыттап, екінші бір оқиғамен байланыс түзуде қызмет етіп тұр. Ал «Үш Алашқа сауын айтқан ғой, пәлен жерге жиналсын деп. Осы Қос Ағашқа», «Құз жартасынан ғана балапан ұшыратын ителгі» — сияқты келтірімдері мәтін ішіндегі айшықтаушы қызметін атқарып тұр. Сондай-ақ, «Қасиетті болмаса сол аталарың неге тәуәп еткен», «Өзгеше жылуы бар ғой» сияқты келтірімдер мәтін ішіндегі бағалаушылық қызметін атқарып тұрғаны анық. Ал осы мәтін ішіндегі келтірілген тарихи, аңыздық оқиғалар реминиценция көрінісі.

Шығармада мұндай цитация құбылысы өте көп. Көбінесе кейіпкер мен оның атасының арасындағы әңгімелер арқылы кірігіп отырады.

«Алып Қос Ағаш» — «Ғаламдық ағаш». Оның ең бірінші қасиеті — егіздік қасиеті: бір-біріне қарама қарсы екі ағаш. Осыған байланысты С. Қондыбай Алтай түркілерінің материалдарынан мынадай мысал келтіреді: «Алтай-саяндық деректерінде «жалпақ жапырақты» (лиственные) және «кылқан жапырақты» (хвойные) ағаштардың (ағаш тұқымының) «оппозициясының» болғандығын, осындай ағаш түрлерін қарама-қарсы қою арқылы қоғамның екі бөлігінің қарама-қарсылығын көрсеткендігін аңғаруға болады [2, 491]. Сонымен қатар, ертегілерінде («Күн астындағы Күнікей қыз», «Кер құла атты Кендебай» және т.б.) алып бәйтеректің алтын және күміс түсті жапырақтарының болуы немесе қасындағы бұлақтың суы алтын мен күмістен тұратындығы туралы суреттеулерді кездестіруге болады. Сол сияқты, С. Қондыбайдың пайымдауынша, «бастапқы дәстүрде түпкі ағаш, осылайша екі ағашқа (бір-біріне оппозицияда тұрған егіз ағашқа, не болмаса, ерке пен ұрғашы ағашқа) бөлінген. Және олар күміс металымен және алтын металымен байланысты болып келеді [2, 493].

Мағауиннің «Қос Ағашы» қазақтың мың жылдық тарихынан сыр шертетін, қасиеті де қазақ халқының тектілігін ұғындыратын, дәстүрге, ұрпақ жалғастығына аса мән беретін қазақтың асыл қасиеттерін бойына жиған, алтын мен күміске малынған бейнесі ырысы мол қазақ даласының байлығын сипаттайтын, барлық хандар мен батырлардың жорығы мен жаңа бастамаларын осы Қос Ағаштың түбінен бастауы, оны пана тұтуы, тағзым етуі жеріне, Отанына деген құрметін көрсететіндей. Бірақ заман өзгерді, ғылым мен техника дамыды, ұлт рухани ұсақталды, мың жылдық тарихы бар ағаш сол ұзақ жылдар бойы қалай өркендеп, төбесі көк тірегенімен, құлауы тез болды.

Жазушы әңгімеде мифологиялық, фольклорлық мотивтерді көркемдегіш тәсіл ретінде қолдана отырып, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті бейнелеген. Бұл автордың кейіпкер психологиясына терең үңіле білгенін көрсетеді. Сондай-ақ, кейіпкер санасындағы қарама-қайшылықты, өмір мен өлім, жақсы мен жамандық, мейірімділік пен опасыздық сияқты өмірлік тартысты Қос Ағаштың тағдырымен параллельді түрде ұтымды бейнелеген. Кезінде бұтақтары бұлтпен араласқан алып Қос Ағаш — бүгінгі ұсақталған ұрпақтың символы түрінде көрсетіледі. Бұл туралы ғалым Т. Жұртбай «Мұхтардың «Қос Ағашы» атты мақаласында: ««Қос Ағашта» бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры тұспалданған... Бұл әңгімеде аспан мен дала, ата мен бала, арман мен өмір арасын байланыстырған ұлы аңсар бар. Ол аңсар жазушының ішкі аңсарымен астасқанда мәңгілік ел туралы сарынға айналып кетеді. Қос ағаш — қос өмір, қос тағдыр, қос әлем, қос қоғам. Қос Ағаш — фәни мен бақидың арасындағы ұлы сарынды тамыр. Ол — тамыры көкке, жапырағы жерге қараған жазмыш ағашы. Әңгімені оқығанда осындай ассоциациялық коллизиялар ойынды қармап алады» — деген пікір білдіреді [16].

Қорытынды

Жалпы, қай дәуірде болмасын ағаш әлемдік мифологиядағы сияқты қазақ дүниетанымында да ерекше мәнге ие. Жоғарыда келтірілген «ағашқа тағзым ету», «адамның ағаштан жаралуы», «ағашқа құрбандық шалу», «ағаш пен адам жанының тұлғалануы» және т.б. мотивтер мен ұлттық қасиеттерді ерекшелейтін мифопоэтикалық символдар адам мен табиғат арасындағы бірлік пен үйлесімділікті айқындайтын негізгі құралдар ретінде қызмет етеді.

Ғаламдық ағаш, өзінің мифтік сипатын жоғалтқанымен, арғықазақтық мифологиядағы «ғаламдық ағаш культінің» аса маңызды орынға ие болғандығының куәгері ретінде ертегі мен жырларда, жалпы тілде өз нышан-белгілерін сақтап қалған [2, 459].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жұртбай Т. Мықан ағашы / Т.Жұртбай // Қазақ әдебиеті. — 2006. — № 6.
- 2 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы / С.Қондыбай. — Төртінші кітап. — Алматы: Дайк-пресс, 2004. — 504 б.
- 3 Ревьяко Т. Катастрофы сознания / Т. Ревьяко. — Минск, 2016.
- 4 Нар заман мен зар заман поэзиясы. Жыр-толғаулар / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. — Алматы: Раритет, 2007. — 376 б.
- 5 Келімбетов Н. Оғызнама / Н. Келімбетов. — Алматы: Жазушы, 1998. — 390 б.
- 6 Юнг К.Г. Архетип и символ / К.Г. Юнг // пер. В.В. Зеленского. — М., 1991.
- 7 Котляр С.Е. Указатель африканских мифологических сюжетов и мотивов / С.Е. Котляр. — М.: Вост. лит., 2009. — 302 с.
- 8 Топоров В.Н. Мировое дерево: Универсально-знаковые комплексы / В.Н. Топоров. — М.: РПДР, 2010. — Т. 2. — 496 с.
- 9 Фрэзер Дж.Дж. Золотая ветвь: исследование магии и религии / Дж.Дж. Фрэзер. — М.: Изд-во «АСТ», 2003. — С. 781.
- 10 Уалиханов Ш.Ш. Избранные произведения / Ш.Ш. Уалиханов. — Алматы, 1984. — 414 с.
- 11 Шапай Т. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы / Т. Шапай. — 2 том. Эссе, әңгімелер. — Алматы: Арда+7, 2017. — 384 б.
- 12 Жәнібеков Ө. Уақыт керуені / Ө. Жәнібеков. — Алматы: Жазушы, 1992. — 192 б.
- 13 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Монография / А. Тойшанұлы. — Өскемен, 2016. — 298 б.
- 14 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия / құраст. М. Мағауин. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 176 б.
- 15 Мағауин М. Қос ағаш. — [Электрондық ресурс] / М. Мағауин. — Қол жеткізу режимі: <https://magauin.com/angimeler/qoz-agash>
- 16 Жұртбай Т. Мұхтардың қос ағашы [Электрондық ресурс] / Т. Жұртбай. — Қол жеткізу режимі: <https://www.minber.kz/2011/11/6993/>
- 17 Адилова А.С. Қазіргі көркем мәтіндегі цитация құбылысы немесе мәтін ішіндегі мәтін: монография / А.С. Адилова. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. — 262 б.

Б.Е. Сыздықова, Ж.Ж. Жарылғапов, Л.И. Мингазова

Культ дерева в казахской литературе

На этапе развития казахской литературы часто возникает стремление к созданию художественного образа, передаче идей путем интерпретации мифологических, фольклорных, тотемных, архетипических образов, прочно укоренившихся в народном сознании с древних времен проблем, происходящих в социальной, экологической, духовной и человеческой жизни, обществе, сложных, труднорешаемых или вызывающих вопросы в человеческом сознании. В связи с этими проблемами казахские писатели погружались в глубокие загадочные слои мифологии, возвращались к мифическим понятиям в казахских верованиях, устной литературе и умело использовали художественные приемы, чтобы найти путь к сердцу читателя. В настоящей статье проанализированы мировые образы, связывающие три мира: верхний, средний и нижний. Кроме того, исследовательская работа направлена на определение его использования и функции в современной казахской прозе. В контексте «мировой модели — мирового дерева» акцент сделан на понятии «Байтерек», который является ключевым элементом национального кодирования в традиционном мировоззрении казахов от ивовой колыбели до погребения. При этом в объеме данной темы мы руководствовались трудами ученых С. Кондыбая, Т. Жұртбая, С. Каскабасова и других.

Ключевые слова: миф, мифология, мировой образ, архетип, фольклор, мифофитоним, фитоморфизм, символ, интертекст, реминисценция.

B. Syzdykova, Zh. Zharylgapov, L.I. Mingazova

The cult of the wood in Kazakh literature

At the stage of development of Kazakh literature, there is often a desire to create an artistic image, convey ideas through the interpretation of mythological, folklore, totemic, archetypal images, firmly rooted in the people's consciousness since ancient times, problems occurring in social, environmental, spiritual and human life, society, complex, difficult to solve or raising questions in the human consciousness. In connection with these problems, Kazakh writers plunged into the deep mysterious layers of mythology, returned to mythical concepts in Kazakh beliefs, oral literature, and skillfully used artistic techniques to find a way into the heart of the reader. Based on this, the article analyzes world images that connect the three worlds: upper, lower and middle. In addition, research work is aimed at determining its use and function in modern Kazakh prose. Especially in the context of the "world model — world wood", the emphasis is on the concept of "Baiterek", which is a key element of national coding in the traditional Kazakh worldview from the willow cradle to burial. At the same time, the scope of this topic was guided by the works of scientists S. Kondybay, T. Zhurtbay, S. Kaskabasov and other researchers.

Keywords: myth, mythology, world image, archetype, folklore, mythophytonym, phytomorphism, symbol, intertext, reminiscence.

References

- 1 Zhurtbay, T. (2006). Myqan agashy [The Mykan wood]. *Qazaq adebiyeti*, 6 [in Kazakh].
- 2 Qondybay, S. (2004). *Argyqazaq mifologiiasy [Mythology of proto-Kazakh]*. (Vol. 4). Almaty: Daik-press [in Kazakh].
- 3 Revyako, T. (2016). *Katastrofy soznaniia [Catastrophes of consciousness]*. Minsk [in Russian].
- 4 Dujsembajuly, E. (Comp.). (2007). *Nar zaman men zar zaman poeziiasy [The poetry of nar zaman and zar zaman]*. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 5 Kelimbetov, N. (1998). *Ogyznama*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 Yung, K.G. (1991). *Arkhetip i simvol [Archetype and symbol]*. (V.V. Zelenskij, Transl.). Moscow [in Russian].
- 7 Kotlyar, S.E. (2009). *Ukazatel afrikanskikh mifologicheskikh siuzhetov i motivov [Index of African mythological plots and motifs]*. Moscow: Izdatelstvo vostochnoi literatury [in Russian].
- 8 Toporov, V.N. (2010). *Mirovoe derevo: Universalno-znakovye komplekсы [The World Tree: Universal sign complexes]*. (Vol. 2). Moscow: RPDR [in Russian].
- 9 Frezer, Dzh.Dzh. (2003). *Zolotaia vetv: isledovanie magii i religii [The Golden Bough: A study of magic and religion]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 10 Ualihanov, Sh.Sh. (1984). *Izbrannye proizvedeniia [Selected works]*. Almaty [in Russian].
- 11 Shapaj, T. (2017). *Eki tomdyq tandamaly shygarmalar zhinagy [Collection of selected works in two volumes]*. (Vol. 2). Almaty: Arda+7 [in Kazakh].
- 12 Zhanibekov, O. (1992). *Uaqyt kerueni [Caravan of time]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 13 Tojshanuly, A. (2016). *Turik-mongol mifologiiasy [Turkic-Mongolian mythology]*. Oskemen [in Kazakh].
- 14 Magauin, M. (Comp.). (1993). *Qazaq khandygy dauirindegi adebiet [Literature in the Kazakh of khan period]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 15 Magauin, M. *Qos agash [Double wood]*. Retrieved from <https://magauin.com/angimeler/qoz-agash> [in Kazakh].
- 16 Zhurtbay, T. *Mukhtardyn qos agashy [Double wood of Mukhtar]*. Retrieved from <https://www.minber.kz/2011/11/6993/> [in Kazakh].
- 17 Adilova, A.S. (2012). *Qazirgi korkem matindegi tsitatsiia qubylysy nemese matin ishindegi matin [The phenomenon of quoting in modern literary text or text within text]*. Qaragandy: Qaragandy memlekettik universiteti baspasy [in Kazakh].